

егемен

Алғашқы қауым

• Өнеге

Жақсылыққа толы жылдар

Академик Евней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, биология ғылымдарының кандидаты Қайролла Бекішұлының өмір жолы жастар үшін өнеге тұтарлық.

Айтбай СӘУЛЕБЕКТЕГІ,
журналист.

Тағзым

Қайролла аға туып-өскен Нұра ауданы – халқымызға көптеген атакты адамдарды сыйлаған киелі өлке. Атап өтер болсақ, революционер Абдолла Асылбеков, айтулы ақын Қайып Айнабеков, Сталиннің бұйрығымен Бетпақдаланы зерттеу экспедициясының басшысы боп тағайындалып, шөлді аймақты бақдалаға айналдыруға болатындығын дәлелдеген (1946-47), талантты да тамаша ғалым Кәрім Мыңбаев, дарынды ақын-жазушылар Сәйділі Талжанов пен Бүркіт Ысқақов, мемлекет қайраткері Сауық Тәкежанов, Кеңес Одағының Батыры Мұташ Сүлейменов нұралықтардың ғана емес, ісі қазақтың мақтанышы.

Жас кезінде мұғалімдер семинариясын тәмамдаған соң Сәкен Сейфуллин еңбек жолын осы Нұра бойындағы Ахмет ауылындағы Бұғылы мектебінде сабақ беруден бастапты. Бір қызғы, Жайық Бектұров та Атбасардағы мұғалімдер курсың 16 жасында бітірген соң «Ақиық ақын» атанған революционер ағасының мектебінде қызмет етіпті.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Оралбай Әбдікәрімов, республикалық экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің бастығы Рашид Түсіпбеков, «Нұр Отан» ХДП партиялық бақылау комитетінің төрағасы Боран Рахымбеков т.б. Нұраның суына шомылып, жағасында өскен, қанаттанып шыққан азаматтар.

Халық ақыны Жолдыкей Нұрмағамбетұлының:

Құтты өзен айналайын – Нұра атынан,
Күркірей көк толқының көкке атылған.

Ақ төсін аймалаған анасындай,
Мын-мын мал су ішуге шұбатылған,

– деп жырға қосқанындай, Қайрекен өзі жайлы әңгімесін туған жерінен бастауды ұнатады.

«Көпке белгілі Көбетей ауылында туып-өстім, – деді бізге профессор аға, – 12 жасымда әкем Бекіштен айырылдым. Алайда, анамың күдіреті болар, жетімдік дегенді сезінбедім. Ал, 17 жасымда анам Қалиман көз жұмғанда мен үшін өмір сүру дегеніңіз қажет болмай қалды. Мектеп бітіруіме аз қалған еді. Әпкем Мұқатай мен жездем Мұқыш Қарағанды қаласында тұратын. Екеуі менің қасым, ауылға көшіп келді. Қамқорлықтарын аямады. Міне, мен қазаққа тән қасиет деп бауырмалдықты атар едім. Мұндай асыл қасиет, жетімді қамқорлықсыз қалдыр-

мау – тек қазаққа ғана тән менталитет еді. Қазіргі сәтте сәбилерін жетімханаға тастап кетіп жатқан жас қазақ қыздарын теледидардан көргенімде жүрегім ауырып, еріксіз қиналамын. «Құдайым-ау, бұлар қайдан шыққан? Атасы, анасы қазақ емес пе еді?» деп ойланамын.

Әпкем мен жездемнен басқа маған қол ұшын созған ауылдастарым аз болмады. Оларды мен ешқашанда ұмытпаймын. Шамам келгенше ұрпақтарына көмек бердім. Туған жеріме, еліме әрдайым басымды иіп, тағзым етем».

Білім жолында

Орта мектептің аттестатын алған бозбаланы әпкесі мен жездесі «Сен Қарағандының жоғары оқу орнында оқисың» деп шахтерлер астанасына алып кетеді. Сол жылы ол Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының биология факультетіне түсіп, туыстарының үйінде жатып оқиды.

Шындығында студент жігіт «жетім-мін» деп жасыған жоқ. Жалындылық танытты. Қайсар болды. Оркестрде домбырамен өнер көрсетті. Институттың қабырға газетін шығарысты. Қоғамдық және ауылшаруашылық жұмыстарына белсене араласты. Нәтижесінде оқуын үздік тәмамдап шықты.

Бұл күнде профессор Бекішев өзіне жақсылық жасаған кісілерді жиі еске алады. «Алдымен Аллаһтың рақымшылығы, сонсоң ақ тілекті, қайырмыды жандар болмағанда ауылда қала беретін едім», – дейді ғалым аға ағынан жарылып.

Ол кезде КСРО заңына сәйкес жоғары оқу орынын бітірген жастар өз ауылдарына оралатын. Қайрекен де еңбек жолын мұғалімдіктен бастады. Нұра ауданының Қуйбышев атындағы орта мектебінде биология пәнінен дәріс берді. Қазіргідей емін-еркіндік қайда? Сүйіктісі Хауа Нашарбекқызымен шаңырақ көтергеніне қарамастан жас маманды «Отан алдындағы баршаға ортақ борышынды өтейсің» деп әскери комиссариат Түркіменстанға аттандырды. Қайта оралғанда өз ауданының «Балықтықол» орта мектебіне директор боп қызметке орналасты. Тумысынан педагогиканы қалап, жас балалардың терең білім алып, саналы тәрбиені бойларына сіңіруіне құштарлық танытқан ол мектеп жұмысын жандандырды. Өзі басқаратын ұжымды аз уақыт ішінде алдыңғы қатарға шығарды. Білім ұясы оқушылардың ғана емес, ата-аналардың да әсерлі ортасына айналды.

Арада екі жыл өткенде Қарағанды мемлекеттік педагогика институты үздік



бітірген өз түлектерін қызметке шақырды. Конкурс ұйымдастырды. Оған Қайролла Бекішев те қатысты. Бағын сынап көргісі келді ме, әлде, қызық боп көрінді ме, әйтеуір, шахтерлер қаласына барып қайтты. Көп ұзамай өзі күтпеген хабар келді. «Сізді мамандығыңыз бойынша институтта сабақ беруге шақырамыз» делінген хатта.

– Жоқ, мен институтқа бармаймын, – деді жары Хауаға, – Мектеп жұмысы өзіме қатты ұнайды. Оның үстіне Дәулет пен Сәулет балаларымды, сені тастап қайда кетпекпін?

– Балам, бармаймын депсің. Ондай ойыңнан арыл. Сен жасың. Өсуің керек. Хауаға, екі балаңа біз бас-көз бола тұрамыз, – деп қайынағасы Нашарбек пен нағашысы Сейіт қайталай берді. Егер де сол кісілердің ұсынысы болмағанда, сөз жоқ, Қайрекен қалаға атбасын бұрмас та еді.

Ғылым көгінде

1970 жылдың басында пединститут Қарағанды мемлекеттік университетіне айналды. Бұл қазақ елі тарихындағы екінші ірі оқу ордасы болатын. Тұңғыш ректоры боп Евней Арыстанұлы Бөкетов тағайындалды. Ұйымдастырушылық қабілеті зор, ғылымға деген ынтыса құштар жастарды Евней аға аспирантураларға аттандырып жатты. 1974 жылы тамаша ұстаз, білікті басшы, қайталанбас талант иесі Ебекең биолог Қайролла Бекішевті өз жолдамасымен Мәскеудің Северцев атындағы ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасына жіберді. Сарыарқада көздері жәудіреп балапандарымен бірге жары Хауа, үлкен үміт артқан ректоры Евней Арыстанұлы қала берді. Ағайын-туыстары аманшылығын тілеп отырды. Ғылымның шуағына бөленген, қиындығы мен қызығын бірдей татқан, жан дүниесі рухани байлыққа батқан үш жыл аспирантура мен Ленин атындағы бүкілодақтық кітапхананың, түрлі лабораториялардың ортасында зуылдап өте шықты.

Ең қуанарлығы, Мәскеу ғалымдары алдында Қайрекен, қазақтың биолог ғалымы кандидаттық диссертациясын

абыроймен қорғап шықты. Жетекшілері Северцев атындағы ғылыми-зерттеу институтының профессоры А.А.Браун мен ҚарМУ зоология кафедрасының меңгерушісі Т.И.Әубәкіровтер жас ғалымды қос қолтығынан демеп, қанаттандырып, ғылым көгіне ұшырғандай сөт еді.

Қайролла аға ақиқатында бақытты алам. Жары Хауа өмір бойы адал сүйгені ғана емес, қамқоршысы, ақылшысы. Бүгінде зангер-ғалым Дәулетінің, кәсіпкер Сәулетінің, тарихшы-ғалым Құралайының, судья Дарханының ардақты анасы. Бірнеше немеренің сүйікті әжесі. Хауа Нашарбекқызы көп жыл бойы Қарағанды жоғары милиция мектебінде (қазіргі Қарағанды заң академиясы – ред.) дәріс оқыды. Майор шенін нығына тақты.

Тағы бір қуаныштысы, бала күнінде көрген қиындығы ескерілді ме, әйтеуір, біздің кейіпкеріміз ылғи жақсы кісілерді жолықтырып жүрді. Олардың шапағатына бөленді. Жақсылығын көрді. Қысқасы, жарты ғасырдан астам ғұмыры тек жақсылыққа толы болыпты. Бұл біздің өзіндік зерттеу пайымымыз.

Ғалым аға лауазым атаулыдан да кенде болған жоқ. Биология факультеті деканы (1982-89), университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры (1994-98), биология-география факультеті деканы (1998-2002) боп беделді жұмыс атқарды. Біз бұған сырттай оқыту факультетін басқарғанын қосқан жоқпыз. Осының бәрі айтуға ғана жеңіл. Бұл тұрғыда абырой алу оңай шаруа емес. Алайда, Қайрекен бәрін де жеңді. Бүгінгі күні Қарағандыға келіп, «Қайролла Бекішев кім?» деп сұрасаңыз, татымды жауап алар едіңіз. Ал Нұра халқынан сұрамай-ақ қойыңыз, олар өздері мақтанышпен айтып береді.

Қайролла Бекішұлының ғылыми-әдістемелік, тәрбиелік және ғылыми-зерттеу еңбегі қомақты. Ол 120-дан астам ғылыми мақала, бес оқулық, үш электронды оқулық авторы. Оның «Экологиялық менеджмент» (Алматы, «Дәуір», 1996 жыл), «Зоология курсы» (ҚарМУ баспасы, 2000 жыл), «Экология» атты электронды т.б. кітаптары жоғары оқу орындарындағы құнды дүниелер.

Қайрекен экология мәселелеріне де көп еңбек сіңірген. Қарағанды, Нұра, Теміртау мен Балқашты зерттеген. Сондықтан болар, 1996 жылы ол ҚР Экология академиясының академигі атағын иеленді. 2002 жылы өткен «Байқоңыр» кешенінің экологиялық проблемалары: оны шешу жолдары» атты халықаралық конференцияда байсалды баяндама жасап, көзге түсті.

Токетері сол, Қайролла Бекішевтің артына қалдырған үш байлығы бар: олар – мемлекетіміздің нығаюына нақты үлес қосып келе жатқан балалары, ғылым саласындағы еңбектері және шәкірттері.

Біз білетін профессор Қайролла Бекішев міне, осындай жан. Абзал жан. Жетпіс асудан аскалы отырса да академик Евней Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «Экология және қарқынды даму» тақырыбында дәріс оқып жүрген жарқын жүзді ғалым, ұстаз, азамат аға. Бір ордада ғұмырының 59 жылын өткізіп келе жатқан үлкен жүректі адам.

ҚАРАҒАНДЫ.